

"Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін жергілікті бюджетке аудару нормативін белгілеу туралы" Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 706 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 349 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 қарашада № 8469-11 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін жергілікті бюджетке аудару нормативін белгілеу туралы" Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 706 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6655 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

М. Тлеумбетов